


Келісіді   
«ВАВІ» бөбекжайының  
әдіскері: Махамбет Қ.М

Бекітілді   
«ВАВІ» бөбекжайының  
директоры: Азмуханбетова Д.А



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023-2024 оқу жылына «Болашақ» мектепалды тобына арналған  
музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Саз жетекшісі: Г.М Бердигалиева

## Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394-бұйрығы негізінде жоспарланып құрылды.

Күтілетін нәтижелер; Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады; қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш); әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады; қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды; музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды; марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.

Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

<b>Қаңтар</b>	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер:</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды</p>
<b>Ақпан</b>	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.</p> <p><b>Ән айту:</b> Орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау</p> <p><b>Билер:</b> Мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш); заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды</p>

<p style="text-align: center;"><b>Наурыз</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Ұлттық би элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.</p> <p><b>Билер:</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;</p>
<p style="text-align: center;"><b>Сәуір</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету</p> <p><b>Билер:</b> Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды;</p>

<b>Мамыр</b>	<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер:</b> Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.</p>
--------------	---------------	--

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы.
3. «Музыка» Нота хрестоматиясы. «Алматы кітап», 2013
4. Алақай «Көркем сөз әлемі». 1-кітап «Аруна», 2000
5. «Музыка» 1-сынып мұғаліміне арналған әдістемелік құрал. «Алматы кітап», 2015
6. Алақай (хрестоматия). «Аруна», 2000
7. «Зерек ботақан». 2015, 2014, 2013, 2012 жж.
8. «Музыкальный руководитель». Москва, 2010, 2013, 2014, 2015
9. А. Асылбек «Ойын ойнап, ән салмай». «Олжас», 2012
10. С. Заурбекова «Бұлақ көрсең, көзін аш». Алматы, 2007
11. Көркем әдебиет (хрестоматия). «Аруна», 2000
12. Ф. Қоңыратбай «Балабақшадағы мерекелер». «Просвещение-Казахстан»
13. Тазша бала. «Алматыкітап», 2007
14. «Музыка» Әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2003
15. «Музыка» Әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2012